

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі т мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)

Атбасар қаласы «Еркежан» бөбекжай-балабақшасы

Топ/сынып «Ботақан» ортаңғы тобы

Балалардың жасы 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қараша

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Жүру. Бірқалыпты, шашырап, берілген бағытта, әртүрлі қарқынмен, заттардың арасымен, аяқиың ұшымен, белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20метр дейін) шағынтопқымыл топқа бөлініп және бүкіл топпен жүгіру; бағатты өзгертіп, шашырап , 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру, жүгіруден жүгіруге және керсінше ауысу.</p> <p>Негізгі қимылдар: Спорттық жаттығулар: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Тура бағытта жүру және жүгіру. Шағын топпен жүгіру, баяу жүру.</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Кегль ойнауға үйрету. Дұрыс бастапқы қалыпта тұрып, түрлі бағытта қойылған доптарды лақтыру</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Арбалар, автомобильдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Тыныс алу жолдарын шынықтыру, жалаң аяқ жүру.</p> <p>Мәдени- гигиеналық дағдылар:</p>

		Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.
	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын: Ойыншық, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз, көкөңіс пен жеміс, үй жануарлары менолардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдерін дамыту. Шығармашылықты әңгіме құрастыруды жетілдіру. Картинадан нақты нысананы бөліп және оған ат қоя білуді, жұмбақ мазмұнын аша білуге үйрету. Монолог тілін дамыту; бөлініп алынған нысандарды сызба арқылы қосуды, олар жайында шығармашылықты әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру, зейіндерін, естерін, байқағыштықтарын, қиялдарын дамыту.
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Кітаптарға қызығушылықты ояту. Арманың мазмұның түсіну және эмоциялы қабылдау, ойында кейіпкерлер бейнесін қарапайым түрде бейнелеу
	Математика негіздері	Жиын: әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; Шама: ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру Геометриялық пішіндер: балаларды геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш) Кеңістікте бағдарлау: Өзінің дене бөліктерінің орналасуына қарай бағдарлай білуге үйрету Уақытты бағдарлау: Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру
	Құрастыру	Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар салу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	«Туған жердің ауа райын бақылайық» Ауа райындағы қарапайым өзгерістерді анықтай білу Қазақстан Республикасының рәміздерінің бірі-тумен таныстыру. Туған жердің ауа райындағы өзгерістерді анықтай білуге үйрету. Шартты белгілер бойынша жұмыс істей білу қабілетін дамыту. Табиғатқа қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Сурет салу	<p>Сюжеттік сурет салу: қоршаған ортаның әсемдігіне, өнер туындыларына, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа халықтардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік сурет салу: қазақ халқының және басқа халықтардың сәндік-қолданбалы өнер шығармаларымен таныстыру барысында эстетикалық қабылдауын дамыту.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: Балаларды тұрмыстық заттар мен бейнелі ойыншықтарды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
Жапсыру	<p>Сюжеттік жапсыру: барынша күрделі заттарды, жануарлар пішінін бейнелеу, заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді.</p>
Музыка	<p>Музыка тыңдау</p> <p>Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (асатаяқ, сылдырмақ) дыбысталуын ажырата білуді үйрету.</p> <p>әндерді тыңдауға үйрету</p> <p>Ән айту</p> <p>Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету</p> <p>Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар</p> <p>Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеумен қазақ би қимылдарының қарапайым элементтерін орындау</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.</p> <p>Балаларды музыкалық аспаптармен: сыбызғы, бубен, сылдырмақ сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру</p> <p>Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау</p>

		дағдысын дамыту.
--	--	------------------